

## 2009 жылды көп балалы аналарға біржолғы материалдық көмек көрсету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 117 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2009 жылғы 04 мамырда № 5-1-109 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Өскемен қаласы әкімінің аппаратының 2010 жылғы 10 қантардағы № Ин-5/16 хатымен

***Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Өскемен қаласы әкімінің аппаратының 2010 жылғы 10 қантардағы № Ин-5/16 хатымен.***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына және Өскемен қалалық мәслихатының 2009 жылғы 18 ақпандағы № 13/4 «2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 11/4 «2009 жылға Өскемен қаласының бюджеті туралы» шешіміне өзгертулер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-1-102 нөмірімен тіркелген) шешіміне сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қоса берілген «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған және 1, 2 дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналарға, сонымен қатар төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар аналарға 2009 жылды біржолғы материалдық көмек көрсету жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Ж. Жұнисеков аға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

<i>Өскемен қаласының әкімі</i>	<i>I. Әбішев</i>
Ө ск е м е н	қ а л а с ы
2 0 0 9	ж ы л ғ ы
№	1 1 7
бекітілген	1 4
	с ә у і р д е г і
	қ а у л ы с ы м е н

2009 жылы «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған және 1, 2 дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналарға, сонымен қатар төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар аналарға біржолғы материалдық көмек көрсету жөніндегі

## **Нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған және 1, 2 дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналарға, сонымен қатар төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар аналарға 2009 жылы біржолғы материалдық көмек көрсету мәселесі бойынша (бұдан әрі – көп балалы аналар) халықты әлеуметтік қорғау саласында заңнаманы қолдануды нақтылады.

2. Көп балалы аналарға біржолғы материалдық көмек Өскемен қаласында тұрақты тұратын және мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Өскемен қалалық бөлімінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушы азаматтарға беріледі.

### **2. Көп балалы аналарға біржолғы материалдық көмекті тағайындау**

3. Көп балалы аналарға біржолғы материалдық көмек «Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Бөлім) жылына бір рет, өтініш иесі келесі құжаттарды ұсынғанда тағайындалады:

- 1) біржолғы материалдық көмек көрсету туралы өтініш;
- 2) жеке басын растайтын құжат;
- 3) салық төлеушінің тіркеу нөмірін;
- 4) Өскемен қаласындағы тіркелімін растайтын құжат;
- 5) көп балалы ана мәртебесін растайтын құжат;

6) мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Өскемен қалалық бөлімінен арнайы мемлекеттік жәрдемақы алатыны туралы анықтамалар.

Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқалар және көшірмелер түрінде ұсынылады, одан кейін түпнұсқалар өтініш иесіне қайтарылады.

4. Көп балалы аналарға берілетін біржолғы материалдық көмектің мөлшері 10000 теңгені құрайды.

### **3. Көп балалы аналарға біржолғы материалдық көмек төлеу**

5. Көп балалы аналарға біржолғы материалдық көмек төлеу 451.007.000 «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасы бойынша облыстық

бюджет трансфертері есебінен жүргізіледі.

6. Көп балалы аналарға біржолғы материалдық көмек өтініш иесі көрсеткен мекенжайға «Казпочта» акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы жеткізіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК